

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" АҚ Басқармасының
шешімімен

б е к і т і л д і

(2018 жылғы 14 желтоқсандағы
отырыстың № 66 хаттамасы)

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап

қолданысқа енгізілді

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ "Жеке кабинет" жүйесінің ҚАҒИДАСЫ

Алматы қ.

2018

Осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) <https://portal.kacd.kz> порталында ұсынатын электронды сервистерді пайдалану тәртібін және оның шартын айқындайды.

1. Осы Қағидада Қазақстан Республикасының заңнамасында және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына кіріспе" Орталық депозитарийдің ішкі құжатында анықталған ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер пайдаланылады.

2. Осы Қағиданың мақсаты үшін келесідей қысқартулар мен ұғымдар пайдаланылады:

"сәйкестендіру" – енгізілген парольді тексеру немесе хабарламаның дұрыстығын тексеру негізінде енгізілген сәйкестендіргіштің тұлғаға тиістілігін ЭЦҚ-мен қол қойылған пайдаланушының сәйкестендіру кодымен тексеру;

"авторландыру" – клиентке ойдағыдай өткен сәйкестендіруден кейін порталға қолжетімділікке рұқсат беру;

"жеке кабинет" немесе **"электронды сервис"** – Орталық депозитарий порталының веб-парақшасы;

"пароль" – клиентті порталға кірген кезде сәйкестендіру үшін есептік жазбаның (логиннің) атауымен жұптасып пайдаланылатын, тек клиентке ғана белгілі символдардың бірізділігі;

"Орталық депозитарийдің порталы" – Орталық депозитарий ұсынатын электронды сервистер жиынтығын өзіне біріктіретін, оған құқық Орталық депозитарийге тиесілі домендік атаудан тұратын Интернет желісіндегі (<https://portal.kacd.kz>) ресурс;

"ЭЦҚ" – электронды цифрлық қолтаңба.

3. Орталық депозитарийдің электрондық сервистерін пайдалануға байланысты қатынастарды реттейтін осы қағида жария оферта болып табылмайды және Орталық депозитарийге порталға әрбір өтініш жасаған тұлғаға рұқсат беруді жүктемейді.

4. Орталық депозитарийдің порталында тек төмендегідей куәландырушы орталықтар берген тіркеу куәлігін пайдалану ғана жатады:

1) "Ұлттық куәландыру орталығы" АҚ (тіркеу куәлігін ХҚКО Тіркеу Орталықтары <http://pki.gov.kz> арқылы алу);

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" РМК (тіркеу куәлігін орталық депозитарийдің "Электронды құжаттар алмасу үшін тіркеу куәлігін шығару және кері қайтарып алу қағидасы" ішкі құжатына сәйкес Орталық депозитарийден алу).

5. Электронды құжатқа қол қоятын тұлға оның көмегімен ЭЦҚ қалыптастырылған тіркеу куәлігіне кіретін мәліметтер бойынша анықталады.

6. "Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес порталдың электронды сервистері арқылы тапсырылған немесе қабылданған оған қол қоюға өкілеттігі бар тұлғаның ЭЦҚ арқылы куәландырылған құжаттың қағаз нұсқадағы қол қойылған құжатпен мәні бірдей.
7. Орталық депозитарий порталының электронды сервистеріне рұқсат алу тәртібі Орталық депозитарийдің қағидалар жинағының бөлігі болып табылатын "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" Орталық депозитарийдің ішкі құжатының 3-параграфында сипатталған.
8. Орталық депозитарий порталының электронды сервистеріне рұқсат ала отырып, клиент Орталық депозитарийге "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының заңының және Қазақстан Республикасының өзге қолданылатын заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және таратуға келісім береді.
9. Орталық депозитарий клиенттерге Қағидаға өзгерістер күшіне енгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің ресми сайтына хабарлама орналастыру арқылы осы Қағидаға өзгерістер енгізілетіні туралы хабарлайды.
10. Орталық депозитарий техникалық немесе профилактикалық жұмыстар жүргізу үшін клиенттерге кез келген қолжетімді әдіспен хабарлама жіберу арқылы рұқсатты шектеудің ұзақтығын көрсете отырып, клиенттерге порталдағы электрондық сервистер жұмысының тоқтатылатыны туралы хабарлайды.
11. Орталық депозитарий порталының электронды сервистерін пайдалану үшін мыналар талап етіледі:
 - 1) "қозғалмалы" (layout engines) жұмыс істейтін интернет-браузер орнатылған компьютерлік құрылғы: WebKit, Edge, Gecko, Blink, Presto, Trident, КНТМЛ;
 - 2) компьютерлік құрылғыға орнатылған NCALayer крипто-провайдер ("Ұлттық куәландыру орталығы" АҚ тіркеу куәлігі үшін) немесе Tumar ("Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" РМК тіркеу куәлігі үшін);
 - 3) Интернет желісіне компьютерлік құрылғы қосу.
12. Орталық депозитарийдің порталына кіру үшін авторландыру процесі өтуі тиіс және клиентке авторландыру ойдағыдай өткеннен кейін ғана пайдалану үшін электронды сервистер беріледі.

Президент

Б.Х. Капышев